

ГТАХР 06.73.07
ӘӨЖ 339.7.01

И.Ә. ИМАНБАЙ,¹
докторант.
«Туран» университеті¹

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУДІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Андатпа

Мақалада шағын және орта бизнесті қаржылық реттеудің шетелдік тәжірибесі қарастырылған. Қазақстан Республикасының әлемдік экономикаға кіруін ескеретін болсақ, еліміздегі шағын және орта бизнесті дамытуға, мемлекет тарапынан бұл іске белсенді араласуға және көмек көрсетуге алып келеді. Яғни, көптеген елдерде шағын және орта кәсіпорындардың тұрақтылығына, олардың тиімділігіне қатысты мәселелерді шешуге қазіргі таңда көп көңіл бөлінуде. Сондықтан шағын және орта бизнесті дамытуды қолдау бойынша шет елдердің тәжірибесін зерделеу ерекше қызығушылық тудырады. Осы білімді ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы қызметтің осы саласын жақсарту шаралары мен перспективаларын анықтау қажет. ЕО-да шағын және орта бизнесті қолдаудың жеткілікті жөнге салынған инфрақұрылымы қалыптасты, мысалы, ЕО-ға мүше барлық елдердің шағын және орта бизнесті дамытуды қаржылық реттеу және қолдау жөніндегі мемлекеттік, сондай-ақ жеке ұйымдардың жақсы дамыған желісі бар. Қарастырылып отырған елдерде, мемлекеттік тарапынан жүргізілетін қолдау жүйелерінің көптеген бірдей ерекшеліктерін атап өтуге болады. Осының барлығы жаһандану үдерістерінің ықпалымен және ұйымдардың белсенділігімен байланысты. Осы себепке байланысты, шет елдердің тәжірибесін қарастыру өте маңызды және неғұрлым орынды болып табылады деп ойлаймын.

Тірек сөздер: инфрақұрылым, мемлекеттік қолдау, бәсекелестік, кәсіпкерлік, бизнес, жаһандану, кәсіпорындардың тұрақтылығы, қаржылық реттеу.

Шағын және орта бизнестің қалыптасуы мен дамуы ел экономикасында маңызды рөл атқарды, өйткені, дамушы елдердің нарықтық реформаларының жүзеге асырылуы әртүрлі сапаларында орналасқан. Сол елдердегі ШОБ, жоғары деңгейдегі бәсекелестікті жасауда, жұмыссыздықты қысқартуда және табиғи ресурстарды жұмылдыруда ерекше қызметтерге ие болады.

Дамыған елдердің нарықтық экономикасының негізін даму тарихы бірнеше онжылдықтан тұратын шағын бизнестер құрайды. Бүгінгі күні осы салаға қатысты нарықтық талаптарға жауап беретін салалық құрылымда теңдестірілген монолитті шағын кәсіпкерлік қалыптасты және табысты дамып келеді деп айтсақ болады. Оның үлесіне ұлттық табыс өндірісіне негізгі үлес тиесілі, оның құрылымдарында жаңа жұмыс орындары құрылады, онда басты салық төлеушілер болады, олар орта таптың өкілдері бола отырып, Үкіметке әлеуметтік тірек бола алады. Шағын бизнестің ерекшелігі оның дамуы үшін ірі ақша салымдарын, сондай-ақ елеулі еңбек және материалдық ресурстарды талап етпейтін сала ретінде сипатталатын, халықтың қалың бұқарасы үшін қызмет ететін саласы ретінде қол жетімділігі болып табылады. Сондықтан да, шағын бизнес орта таптың – елдердің қазіргі заманғы қоғамының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік негізін қалыптастырудағы маңызды атрибуты болып саналады.

Зерттеу барысында, осы мәселелерді зерделеудің жүйелі тәсілдерімен біріктірілген экономикалық зерттеулердің кешенді әдістері қолданылды. Жасалған жұмыстың әр түрлі кезеңдерінде талдау, сызбалық, экономикалық-статистикалық, абстрактілі-логикалық, зерттеудің салыстырмалы әдістері, олардың әртүрлі тәсілдері мен әдістері қолданылды.

Қазіргі уақыттағы шағын және орта бизнестің рөлі, оның ел экономикасындағы даму перспективалары жұртшылықтың назарында. Шағын және орта бизнестің бірегейлігі, нарықтық экономикасы бар еуропалық елдердегідей эволюция арқылы емес қоғамның «алғашқы» кең ауқымын қамтитын кәсіпкерлік қызмет, орталықтандырылған жоспарлы экономиканың толық «сынуы» салдарынан, «жоғарыдан» көптеген бөлінулердің салдарынан пайда болды.

Шағын және орта бизнес экономикада, экономиканың жекелеген салалары, сондай-ақ халықтың әртүрлі санаттары арасындағы экономикалық қатынастарды реттеуші құрал ретінде негіз қалаушы рөл атқарады.

Экономиканың осы секторының қоғамдық мәні оның келесідей жұмыс істеу міндеттерінде көрінеді:

- ♦ азаматтар арасындағы мемлекеттік тұрақтылықты сақтау үшін қажетті «тірек» жасау;
- ♦ экономиканың тиімді құрылымын қалыптастыру;
- ♦ орта санаттағыларға білім беру;
- ♦ жұмыссыздықтың төмендеуі;
- ♦ барлық деңгейдегі бюджеттердің кіріс бөлігінің өсуі.

Шағын бизнес нарықтық экономиканың, онсыз мемлекет тұрақты дами алмайтын маңызды элементі болып табылады.

Біз қарастырып отырған елдердегі кәсіпорындардың тұрақты өсуі, мемлекет экономикасының осы секторының дамуына мүдделі екендігімен түсіндіріледі. Қарастырылып отырған елдерде, мемлекеттік тарапынан жүргізілетін қолдау жүйелерінің көптеген бірдей ерекшеліктерін атап өтуге болады. Осының барлығы жаһандану үдерістерінің ықпалымен және ұйымдардың белсенділігімен байланысты. Осы себепке байланысты, шет елдердің тәжірибесін қарастыру өте маңызды және неғұрлым орынды болып табылады [1].

Қазақстан Республикасының әлемдік экономикаға кіруін ескеретін болсақ, еліміздегі шағын және орта бизнесті дамытуға, мемлекетті белсенді араласуға және көмек көрсетуге алып келеді. Яғни, көптеген елдерде шағын және орта кәсіпорындардың тұрақтылығына, олардың тиімділігіне қатысты мәселелерді шешуге көп көңіл бөлінеді. Бірақ, бірқатар жағдайларға байланысты, Қазақстан экономикасының осы секторы дамуға қажетті қолдауды ала алмады.

Сондықтан шағын және орта бизнесті дамытуды қолдау шаралары бойынша шет елдердің тәжірибесін зерделеу, ерекше қызығушылық тудырады. Осы білімді ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы қызметтің осы саласын жақсартудың шаралары мен перспективаларын айқындау қажет.

Бұдан басқа, бұл мәселелерді ЕО мысалында атап өту маңызды болып табылады. Сонымен, кәсіпорындарды қолдауға қатысты ең тиімді мемлекеттік саясат арнайы үкіметтік орган арқылы жүзеге асырылады. Әрбір елде – өзінікі болады. Мысалы, АҚШ-та – SBA, ал Ұлыбританияда – SBS, Германияда – DG VIII, Жапонияда – METI, Венгрияда – кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық Кеңес, ал Польшада – шағын және орта кәсіпкерліктегі қолөнершілік департаменті. Аталған ведомстволардың өкілеттіктері мен қызметтері ұқсас болып келеді, бірақ айырмашылықтары да бар. Ол айырмашылықтар келесідей болып келеді, яғни, әрбір ведомстводағы бағыныштылық иерархиясы әртүрлі және ведомстволардың өзара іс-қимылы да әртүрлі. Қазақстанда мұндай кәсіпкерлікке деген бастама ұзаққа созылды. Биліктің барлық күші ұзақ уақыт бойы билік аппаратын қолдауға бағытталып келді. Жоғарыда аталғандардың ішінен, Қазақстан үшін SBA (Small Business Administration) қолайлы болып келеді.

Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнесті дамыту үшін мемлекеттік қолдау жолдары бар. Бұл тәжірибеде көргеніміздей, белгілі бір қаражат пен өкілеттіктің болмауы салдарынан, кәсіпкерлікке қатысты мемлекеттік саясатты тиімді жүзеге асыруға ешқандай мүмкіндік бермейтінін көрсетті.

Алайда, мемлекет жанынан кәсіпкерлікті қолдау және дамыту департаментін құру, кәсіпорындардың бірқатар мәселелерін шешуге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, мақсаты кәсіпкерлікті несиелеу болып табылатын жеке инвестициялық компаниялардың құрылу тәжірибесі де қызықты болып келеді. Бұл тәжірибе АҚШ-та, Англияда, Жапонияда және т.б. таралған. Бұл компаниялар үшін кәсіпкерлікке несие беру үшін ынталандырушы – бұл ұйымдардың кәсіпорындар пайдасына қатысу мүмкіндігі болып табылады [2].

Бірінші үрдіс кәсіпорындарға көбірек еркіндік беруді, атап айтқанда оларға деген әкімшілік ықпал етудің төмендетуін қамтиды. Бұл жағдайда мемлекеттік саясат барынша қолдау көрсетуге бағытталған. Басымдықтар туралы айтатын болсақ, бұл жерде әлеуметтік құрамдас бөлікті де атап өткен жөн. Мәселен, АҚШ-та ұсақ кәсіпорындардың өте тез өсуіне олардың еркіндігін кеңейтуі және мемлекеттен қолдау көрсетуін, сондай-ақ қуатты мемлекеттік араласудың азаюы алып келді. Австралияда бәсекелестікке бағытталған және оған теріс әсер ететін нормативтік заң жобаларының қабылдануын тежейтін жүйе құрылды. Мұндай реттеу реформасының мақсаты – нарықтардың жұмыс істеу тиімділігін арттыру болып табылды [3].

Аталған мақсатқа жетудің негізгі тәсілі – өзін-өзі реттеу арқылы кәсіпорынның жауапкершілігін арттыру болды [4].

ЕО-да шағын және орта бизнесті қолдаудың жеткілікті жөнделген инфрақұрылымы қалыптасты, мысалы, ЕО-ға мүше барлық елдер шағын және орта бизнесті дамыту мен қолдау жөніндегі мемлекеттік, сондай-ақ жеке меншік ұйымдардың жақсы дамыған желісі бар. Бұл ретте ЕО-ның әрбір елінде ШОБ-ты дамыту жөніндегі саясатты экономика, өнеркәсіп және сауда министрліктері әзірлейді, сонымен қатар басқа да үкіметтік органдар, мысалы, жұмыспен қамту министрлігі, сондай-ақ жұмыспен қамту, оқыту, халықаралық сауда, даму және т.б. мәселелерінде кәсіпорындардың осы тобына көмек көрсете отырып, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға қатысады [5].


Еуропалық Одақ елдерінде шағын және орта бизнесті келесідей қаржыландыру бағдарламалары жұмыс істейді:

1) кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағдарламасы (The Programme for the Competitiveness of Enterprises and SMEs, COSME) – кепілдік қорлар мен тікелей инвестициялар қорлары сияқты құралдарды қолдану арқылы бизнесті кеңейту немесе жаңа нарықтарға шығу сатысында тұрған белсенді өсуге бағытталған ШОК үшін қарыздық қаржыландыруды арттыруға бағытталған;

2) креативті Еуропа бағдарламасы – кепілдік беру арқылы шығармашылық және мәдениет саласында жұмыс істейтін кәсіпорындарды қолдауға бағытталған;

3) Көкжиек 2020 бағдарламасы – ҒЗТКЖ-ға салынатын және тікелей және венчурлік қаржыландыруға қол жеткізу, кепілдікке қолдау көрсету арқылы инновациялық өнім өндірумен айналысатын шағын және орта бизнес субъектілерін қолдайды.

ЕО елдерінде ШОК-ты мемлекет тарапынан қаржылық реттеу тәсілдерін сипаттайтын жалпыланған ақпарат келесі сызбада берілген (сурет 1).



Сурет 1 – Еуроодақ елдеріндегі шағын және орта бизнесті қаржыландыру сызбасы

Ескертпе – [1] негізінде автор жасаған.

Америка Құрама Штаттары әлемнің барлық экономикасы дамыған елдердің арасында ШОК субъектілерін (шағын және орта кәсіпкерлік) мемлекеттік қолдаудың ең ескі институттарымен ұсынылған.

АҚШ-та шағын және орта бизнесті дамытудың көптеген мемлекеттік бағдарламалары 1930-жылдардың басынан бастау алған. Бірақ ШОК субъектілерін мемлекеттік қорғаудың және оларды қаржылық-экономикалық қолдаудың қазіргі заманғы жүйесінің қалыптасуындағы маңызды оқиға 1953 жылы шағын бизнес істері жөніндегі әкімшілікті (Small Business Administration) (SBA) құру болды. Үкімет деңгейіндегі осы тәуелсіз федералдық агенттіктің филиалдары бүгінде АҚШ-тың барлық ірі экономикалық орталықтарында бар, ал оның саясаты барлық Штаттарға таралады.

Үкімет деңгейіндегі осы тәуелсіз федералдық агенттіктің филиалдары бүгінде АҚШ-тың барлық ірі экономикалық орталықтарында бар, ал оның жүргізетін саясаты барлық штаттарына таралады.

Бұл филиалдар – SBDCs (Small Business Development Centers) – мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады, кәсіпкерлерге ШОБ-тің кез келген саласында қызметтердің кең спектрін көрсетеді:

- ♦ шағын және орта кәсіпорындарды қаржылық қолдауды қамтамасыз ету;
- ♦ мемлекеттік тапсырыстарды алуға жәрдемдесу;
- ♦ консалтингтік қызмет көрсету;
- ♦ нарық жағдайы және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін сараптамалық қорытындылардың орындалуы туралы ақпарат беру [2].

Осылайша, шағын және орта бизнес субъектілерін қаржылық реттеудің тікелей және жанама тәсілдерін қарастырудан абстракциялай отырып, шетелде шағын және орта кәсіпкерлік секторын дамытудың басты ынталандырушы факторы нүктелі шаралар емес, бірінші кезекте қолайлы кәсіпкерлік ахуал жасауға тұтас, кешенді тәсіл болып табылатынын атап өткен жөн. Кәсіпкерлік мәдениетін қалыптастыру, еркін сауда мен бәсекелестікті түсіну және «сезу», қолайлы инвестициялық ахуал – бұл тәжірибе көрсеткендей, шағын және орта бизнес секторын табысты құрудың және одан әрі үздіксіз дамытудың кепілі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Блудов А.М. Кәсіпкерлік қызметті реттеудің шетелдік тәжірибесі: бейімделу мәселелері // Әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен үдерістер. – 2011. – № 3–4. – Б. 36.
- 2 Дегтярев А.Н., Лузина И.А. Кәсіпкерлік секторды мемлекеттік қолдау: әлемдік және ресейлік тәжірибе. – М., 2010. – 91 б.
- 3 Пивоваров И.С. Халықаралық кәсіпкерлікті ұйымдастыру // Экономика XXI ғасыр. – 2010. – № 2. – Б. 39–73.
- 4 Морозов В.А. Большая забота о малом предпринимательстве: зарубежный опыт поддержки предпринимательства // Рос. кәсіпкерлік. – 2012. – № 8. – Б. 81–88; № 10. – Б. 99–104.
- 5 Финк Т.А. Шағын және орта бизнес: шетелдік даму тәжірибесі / Т.А. Финк // Жас ғалым. – 2012. – № 4. – Б. 4.
- 6 The Small Business Development Centers of USA. [Электрондық ресурс]. – Қол жеткізу режимі: <http://www.sba.gov/community/discussion-boards/504-and-7a-loans> (өтініш берілген күні: 02.04.2016).

И.Ә. ИМАНБАЙ,¹
докторант.
университет «Туран»¹

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ФИНАНСОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА

Аннотация

В статье рассмотрен зарубежный опыт финансового регулирования малого и среднего бизнеса. Учитывая вхождение Республики Казахстан в мировую экономику, развитие малого и среднего бизнеса в стране приведет к активному участию и оказанию помощи со стороны государства, т.к. во многих странах на сегодняшний день большое внимание уделяется решению вопросов, касающихся стабильности и эффективности малых и средних предприятий. Поэтому особый интерес представляет изучение опыта зарубежных развитых стран по поддержке развития малого и среднего бизнеса. С учетом этих знаний необходимо определить меры и перспективы улучшения этой области деятельности в республике Казахстан. В ЕС сложилась достаточно отлаженная инфраструктура поддержки малого и среднего бизнеса, так, например, все страны-члены ЕС имеют хорошо развитую сеть как государственных, так и частных организаций по финансовому регулированию развития и поддержке малого и среднего бизнеса. В рассматриваемых странах можно отметить множество одинаковых особенностей систем поддержки, проводимой со стороны государства. Все это связано с влиянием процессов глобализации и активностью организаций. В связи с этим рассмотрение опыта зарубежных стран является очень важным и наиболее целесообразным.

Ключевые слова: инфраструктура, государственная поддержка, конкуренция, предпринимательство, бизнес, глобализация, устойчивость предприятий, эффективность, финансовое регулирование.

I.A. IMANBAY,¹
PhD student.
Turan University¹

FOREIGN EXPERIENCE IN FINANCIAL REGULATION OF SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES

Abstract

The article considers the foreign experience of financial regulation of small and medium-sized businesses. Given the entry of the Republic of Kazakhstan into the world economy, the development of small and medium-sized businesses in the country will lead to active participation and assistance from the state. That is, in many countries today, much attention is paid to addressing issues related to the stability and efficiency of small and medium-sized enterprises. Therefore, it is of particular interest to study the experience of foreign developed countries in supporting the development of small and medium-sized businesses. Taking this knowledge into account, it is necessary to determine measures and prospects for improving this area of activity in the Republic of Kazakhstan. The EU has a well-established infrastructure for supporting small and medium-sized businesses, for example, all EU member states have a well-developed network of both public and private financial regulation organizations for the development and support of small and medium-sized businesses. In the countries under consideration, many of the same features of state support systems can be noted. All this is due to the influence of globalization processes and the activity of organizations. In this regard, considering the experience of foreign countries is very important and most appropriate.

Key words: infrastructure, state support, competition, entrepreneurship, business, globalization, enterprise sustainability, financial regulation.